



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

СЕКЦИЯ 2 ФИЛОЛОГИЯ

2.1 Қазақ тіл білімі

ӘОЖ 811.512.122'221

МӘТІНДЕГІ ПАРАЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Абишева Ардак Алтайқызы

ardashka_kz.93@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультетінің 3-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – М.К.Ахметова

Мәтін лингвистикасында паралингвистикалық амал-тәсілдердің қолдану жайы жиырмасыншы ғасырдың басынан зерттеліп келеді. Әуелде бұл мәселе өлең графикасының дамуы негізінде тілшілердің назарын аударып бастаған. Алайда, паралингвистикалық амалдардың жазба қарым-қатынас құралы ретінде зерттелуі тек жетпісінші жылдардан бастау алған.

Паралингвистика – сөйлеу процесіне ене отырып, вербалды амалдармен бірге мазмұнды ақпарат беретін бейвербалды амалдарды зерттейтін тіл білімінің бөлімі.

Паралингвистика – зерттеудегі жаңа бағыттардың бірі. Бұл бағыттарды зерттеуде түрлі ғылым өкілдері – лингвистер, психологтер, энтографтар, дәрігерлер, семиотиктер, антропологтардың көзқарастары, ой-пікірлері тікелей бір-бірімен ұштасады. «Паралингвистика» терминін алғаш рет ғылымға ұсынған А.Хилл [1,18]. Паралингвистиканы зерттеген ғалымдар: Г.В.Колшанский, З.З.Чанышева, И.Н.Горелов, В.П.Конецкая, Дж.Трейгер, Г.Е.Крейдлин, Т.М.Николаева, қазақ зерттеушілерінен Э.Оразалинова, Т.Әбдіғалиева, М.Ешімов сияқты т.б. ғалымдарды жатқызуға болады.

Бейвербалды амалдарды зерттеу паралингвистика ғылымы мен олардың салаларын анықтап алудан басталады. Зерттеуші Ш.Зекенова бейвербалды амалдарды зерттеудің екі бағытта өрістеп келе жатқанын көрсетеді. Атап айтқанда, «біріншісі- паралингвистикалық бағыт, екіншісі – бейвербалды семиотикалық», - дейді [2,11]. Паралингвистикалық құралдар тіл жүйесінің құрамында болмаса да, тілдік бірліктер ретінде саналмаса да, біздің жеткізгелі отырған кез келген ақпаратымыз паралингвистикасыз толық қанды жүзеге аспайды деп санаймыз.

Ой паралингвистикалық құралдар арқылы, атап айтсақ, математикалық белгілер, формулалар, сызбалар, суреттер т.б. арқылы толық ашыла алады дей алмаймыз. Алайда бұл символдар "ойды тіл арқылы жеткізу үшін" қызмет етеді және олардың адам тілімен жеткізілетін "мағынасы" болады. Кез келген ойлау процесінің нәтижесі тіл, сөз арқылы жүзеге асырылады және түрлі символдар бейнесінде басқа түрге ие болады.

Паралингвистикалық тұрғыдан актив мәтіндердің айрықша бір тобын – креолды, яғни құрылымында әр түрлі таңбалық жүйелердің кодтары қамтылатын мәтіндер құрайды. "Креолды мәтіндер дегеніміз – әртекті екі бөліктен: вербалды және бейвербалды құралдардан тұратын мәтіндер" [3,180]. Креолдық мәтіндерге паралингвистикалық құралдар өрісінде иконикалық (бейнелеу) құралдар басым болатын мәтіндер жатқызылады. Олардың өмір сүру ауқымы өте кең. Олар газетте публицистикалық, ғылыми-техникалық, көркем әдебиетте, жарнамаларда, плакаттарда, парақшаларда т.б. қолданылады.

Активті паралингвистикалық, креолды мәтіндердің өздеріне тән нормалары бар. Ең алғаш графикалық норма атты ұғымды ғалым И.Э.Клюканов енгізген. Зерттеуші Б.Момынова «Параэлементтердің тілдегі орны мен маңызы, сөйлеу кезіндегі қызметі мен мағынасы» атты еңбегінде паралингвистикалық амалдар *динамикалы* (негізінен соматикалық және дене қалыбы арқылы жасалатын амалдар) және *қозғалыссыз* (мультипликациялық немесе заттардың кеңістіктегі орны, мәтіндегі таңбалар, символдар, т.б.) деген түрге бөлінетіндігін айтады [4,21].

Зерттеу еңбектерімен танысу барысында лингвистикада паралингвистикалық құралдардың мынадай 3 түрі бары анықталды:

1. Фонациялық. Фонациялық құралдарға дауыс ырғағы, паузаның типі, мелодиялық құбылыстар, сондай-ақ сөз дыбыстарының қолданылу ерекшеліктері (диалектілік, әлеуметтік, идиолектілік):

Мысалы: *Балалардың бірі: «Бә-ә... Сейіттің баласын қара!» - деді оқыс дауыстап (М.Мағауин). – Е-е, онда домбыраңды қолыңа алғын (Б.Момышұлы). - Да-а – деп ойланды шолақ қол. (О.Бөкей).*

2. Кинетикалық. Кинетикалық компоненттерге ым - ишара, сөйлеушінің қимылы, позасы:

Көзін сүйсіне жұмып, тамсана жұтынып, Әтіке таңдайын қайта-қайта қаға берді (Б. Нұржекеев). Оңтайға келсе шоқпармен соғып, жақындаса қамшымен жасқап, алысқа кетсе таспен атқылап аямас, аяңбас айқас бастады (Б.Момышұлы).

3. Графикалық – әріптер мен пунктуациялық белгілердің жазуы орындалу типі, орындалу типі, әріптерге графикалық қосымшалар жасау тәсілдері, олардың қосалқы түрлері (*түрлі символдар &*) жатады [5,44].

Графикалық құралдардың бірі – шрифт (қаріп). Ғалым Қ.Күдеринова докторлық диссертациясында жазба мәтіннің жалпы графикалық ерекшеліктеріне жазба мәтіннің парақ бетіне орналасуы, абзац, көз тынысы (үлен ашық жол), қаріп түрлері (майлы, ашық, көлбеу әріп) үзікті жазу, асты сызылған жазу, қаріп түсін жатқызады [6, 15-16].

Шрифт – креолдық мәтіннің аса қажетті композициялық элементі, оның вербалды бөлігін безендіретін материал және дербес көркем форма. Зерттеуші Қ.Есенова әріптанбаның мәтінде аттрактивті, мәнайырғыштық, экспрессивтік, рәміздік, сатиралық, эстетикалық, сипаттамалық қызметтерінің барын айтады [7, 49-51]. Ғалымның пікіріне сүйене отырып, осы қызметтердің кейбіріне қысқаша тоқталайық:

1. Аттрактивті қызмет. Адресат назарын аудару мақсатында әріптанбалардың көлемі, ені, сызылуы, жазылуы, арақашықтығы т.б. түрліше өзгертіліп қолдануын шрифтін аттрактивті қызметі деп атаймыз. Ондағы мақсат – мәтіннің ыңғайлы және белгілі бір ырғақпен оқылып шығуына қол жеткізілуі. Шрифтін сәтті таңдалуы, өлшемі, айқындығы адресаттың мәтінді бірден көріп, мазмұнымен танысып шығуына себеп болады. Мысалы: "Қазақ тілі мен әдебиеті" журналында **қазақ тілі мен әдебиеті** сөздері көк түспен берілген.

2. Мәнайырғыштық қызметі мәтіндегі маңызды сөздер мен тіркестерді, сөйлемдер мен абзацтарды бөліп көрсетіп, оларға адресат назарын аударуға негізделеді. Бұған қаріптер гарнитурасын түрлендіру арқылы қол жеткізіледі. Мысалы: Кеңгірдің биігіндегі Дархан тұрғызған зәулім күмбездің жанынан асығыс зымыраған поездтар өтіп жатады...

Оспандар қай вагонда кетіп барады екен?... (О.Бөкей)

Бұл мысалдағы екінші сөйлем қаріптер гарнитурасындағы *курсивпен* жазылған.

«ӨЗІ ДЕ БҰЛ ДҮНИЕГЕ СЫЙМАЙТЫНДАЙ ӘДЕМІ ЕДІ-АУ. ЖАНАРЫ ОТТАЙ ЖАНЫП ТҰРАТЫН», - деп күрсінді Нұрке кемпір. (О.Бөкей)

«АНАЛЫҚТЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН ҚАЙТПІ ҰМЫТАЙЫН», - деп күрсінді Нұрке кемпір. (О.Бөкей)

Екінші бұл мысалда төл сөздің БАС ӘРІППЕН жазылуы оқырман назарын аударуға бағытталған. Алайда жазушының қалауымен сөйлем кішкентай әріптен басталуы да мүмкін. Оны мынадай мысалдар арқылы дәлелдеуге болады:

«...қазақта мықты жігіттер көп. Олардың қай-қайсысы да майданда нағыз ерлерше соғысты.» (О.Бөкей).

Сөйлем азат жолдан кішкентай әріппен жазылған. Бұл жерде хабардың бастауы имплициті түрде, ол графикалық тұрғыда көп нүкте түрінде берілген.

3. Экспрессивтік қызметі шрифт пен тыныс белгілерінің алуан түрлі эмоционалдысуреттеу қасиеттеріне негізделеді.Мысалы: *Әттең, сол жұмақта жүрген жұртқа жете алмай қор болып жатырмын-ау, жатырсың-ау...*

«НЕГЕ БІЗ ОСЫ?...» (О.Бөкей).

Мысалда байқағанымыздай, шрифт (бас әріп) пен тыныс белгілері (көп түкте) арқылы бұл сөйлемдер экспрессияға құрылған.

Тұрақты қолданылатын шрифт формасын аздап қана өзгерткенде олар көзге бірден түсіп, экспрессияның туындауына себеп болады. Сондықтан зерттеушілер атап айтсақ, орыс ғалымы Ю. Герчук шрифті реңктер, пластикалық нәзіктіктер түрлендіру өнері дей келе "Художественная структура книги" атты еңбегінде: "Шрифт в большой степени сохраняет в книге себя, свои собственные пространственные и пластические, стиливыеи экспрессивные качества. Отсюда как и во всяком синтезе, возникает пересечение взаимовлияний, неполное слияние противостоящих друг другу партнеров: сложное взаимодействие шрифта с текстом, графикой, пространственной композицией набора и.т.д" – дейді [8,164].

Мәтін тақырыпатына, мәтін құрылымындағы жекелеген сөйлемдерге, мәтіннің белгілі бір бөліктеріне экспрессивтік сипат беретін маңызды құралдардың бірі –тыныс белгілері. Олар мәтінге стилистикалық бояу үстеп адресаттың оны түсінуі мен қабылдауын жеңілдетуге өзіндік септігін тигізеді. Мәселен, сұрау белгісі, леп белгісі, қос нүкте, дәйекше, тырнақша, көп нүкте сияқты т.б. орфографиялық белгілер айрықша спецификалық семантикаға ие болып, мәтіннің прагматикалық бағыттылығын көрсетеді. Мысалы: *Ал анау Ерік басқа...басқа ол...оның ұлты жоқ (О.Бөкей). БІЗДЕР-ден өткен эгоист жоқ жарық дүниеде; маған салса...анау алжыған шалды алқаш Тағанға қосақтап байлап, Қатын суына ағызып жіберер едім...(О.Бөкей)*

Жалпы тыныс белгінің өзі жеке-дара тұрғанда ешқандай мәнге ие болмайтын сияқты, ал мәтінде олардың ерекше коммуникативтік, прагматикалық қызмет атқара алатынын аңғарамыз. Ол өзінен бұрын келген сөздің қолданылу уәжін сақтап, мәнін нақтылап, сөзқолданысқа үстелген экспрессивтік-эмоционалдық бояуды т.б. күшейте түсу үшін қолданылады.

Тыныс белгілерінің қоса-қабаттала қолданылуын да автордың айтайын деген ойын онан сайын нақтылап, айқындап, көзқарасын білдіруде қолданылатын ерекше тәсіл деп айтуға болады. Ғалым Қ.Есенова газет тақырыптарында мұндай қолданыстың көптеп ұшырасатынын айтып өтеді. Ол соңғы жылдардағы (2002-2006) қазақ газеттеріне шолу жасағанда, әсіресе, проблемалық мақалалардың тақырыпаттарында т.б. түрліше комбинацияда келген (? ! ?...!?) тыныс белгілердің көптігіне көз жеткізген [9,41-42]. Олар автордың жеткізбек болған бірнеше ойын қатар білдіреді. Газеттерде тақырыпаттардан кейін ешқандай тыныс белгісі қойылмайтындығы белгілі болғанымен, кейбірінде тұрақты айдарлармен берілетін материалдың тақырыпатынан кейін қос нүктенің қойылатыны байқалады. Тыныс белгілері жеке-жеке, кейде қатар қойылады. Бұны баспасөз қызметкерлері тыныс белгінің синтаксистік пішіндеуші рөлінің айқын көрінісі деп санайды. Жалпы кез келген мәтіннің тақырыпатынан кейін нүкте қойылмайды, өйткені ол – баяндалатын күрделі ойдың (гипер мәтіннің) басталғанын білдіретін кіріспе бөлік. Газет мәтіндерін саралай келе газет мәтіні тақырыпатындағы тыныс белгілердің таңбалық сипаты күшті болуына орай сөзбен жеткізілмеген мағыналық жүк осы тыныс белгіге артылатындығы байқайлады.

Графикалық құралдарды прагматикаға қатысты зерттеуде көп нүктенің ерекшелігін анықтаған Т.Ш.Мырзахметова: «Қазіргі пунктуация көпфункционалды таңбалар жүйесі ретінде, түрлі мән-мағынаны жеткізеді. Сөйтіп олар ақпаратты кодтау мен оны ашу құралдарының арасында айрықша маңызға ие болады. Ауызша сөзжұмсамдағы ақпаратты кодтау және кодты ашу мәселелері вербалды және паравербалды құралдар көмегімен шешілсе, жазба мәтінде бұл міндет графикалық және параграфикалық құралдарға жүктеледі. Соңғы құралдарды мәтін иесі өз коммуникативтік-прагматикалық тәжірибесіне сәйкес пайдаланады» - дейді [10,3].

4. Сипаттамалық-рәміздік қызметі адресацияның астында білгілі бір тарих дәуірлерімен, ұлттармен, әлеуметтік ортамен, жекелеген тарихи тұлғалармен немесе қазіргі заманғы саяси қайраткерлермен байланысты ассоциациялармен туындату үшін қолданылады. Мысалы, газет-журнал атауларында қолданылған шрифтер.

Сонымен, ғалымдардың еңбегімен таныса келе, *паралингвистикалық құралдардың* ойды жеткізуде айрықша мәнге ие болатындығына көз жеткіздік. Мәтінде лингвистикалық және бейлингвистикалық құралдардың аралас қолданылуы оның адресатқа бағытталған әсеретуші қызметі болып табылады. Түрлі гарнитуралы шрифтін, тыныс белгілердің әр түрлі комбинацияда, кейде қабаттаса жұмсалуды ойды әсерлі, нақты жеткізу үшін автордың қолданатын амалдарының бірі. Дегенмен, тілдік емес құралдар қарым-қатынас жасаудың дербес емес, хабарға қосымша мағына үстейтін қарым-қатынастың қосымша тәсілі болып табылады.

Қолданылған әдебиет

1. Колшанский Г.В. Функции паралингвистических средств в языковой коммуникации // Вопросы языкознания. -№1, 1973. 17-23 стр.
2. Зекенова Ш. Омоним және синоним мағыналы бейвербалды амалдардың эмотивті-коммуникативтік қызметі // Ф.ғ. д. ... диссертациясы. -Алматы, 2010. - 130 б.
3. Тарасов Ю.А. Креолизованные тексты и их коммуникативная функция // Оптимизация речевого воздействия. -Москва, 1996. -240 стр.
4. Халықаралық ғылыми – тәжірбиелік конференция материалдары. Алматы, 2010.-35 б.
5. Камешева Г.Қ Қазақ тілдесімінің көмекші құралдары // Ф.ғ.д...диссертациясы.: -Астана, 2007.-128 б.
6. Күдеринова К.Б. Қазақ жазуының онтогенездік даму //Ф.ғ.д.... автореф. -Алматы, 2006. -49 б.
7. Есенова Қ. Қазақ газеттеріндегі креолды мәтіндердің қолданысы // Қазақ тілі мен әдебиеті. -№4, 2007. -48-54 бб.
- Герчук Ю. Художественная структура книги. - Москва, 1984. -207 стр.
8. Есенова Қ.Ө. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде) // Ф.ғ.д... дисс. автореф... - Алматы, 2007. -49 б.
9. Мырзахметова Т.Ш. Семиотический и функционально-прагматический анализ многоточия // Автореф. дис... канд. филол. наук. –Алматы, 2000. -30 стр.
10. Мағауин М. Шығармалар жинағы: Он үш томдық. -Алматы, 2002.-504 б.
11. Нұржекеев Б. Шығармалар жинағы: Көп томдық. - Алматы, 2006.-320 б.
12. Бөкеев О. Атау-кере. -Алматы, 2010.-320 б.

ӘОЖ 811.512.122' 373.21

ҚАЗАҚ КІСІ ЕСІМДЕР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ШЕТ ТІЛДІК ЕСІМДЕР

Алекенов Дидар Төлеубайұлы

Didar.naratu@bk.ru

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2-курс студенті, Орал қаласы, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.А.Раманова

Бүгінге дейін қазақ тіліндегі кісі аттары зерттелгенімен, шет тілінен енген кісі аттары назардан тыс қалып келді. Ал тілімізде басқа тілдерден енген адам аттары өте көп кездеседі. Олардың мағыналық құрылымына тілдік тұрғыдан талдау жасалған еңбек жоқтың қасы. Ұлттан ұлтты ажырататын, яғни ұлтыңның қазақ екенін білдіретін негізгі белгілер – атың, тілің, дінің және ұлттық дәстүрің деп есептейтін болсақ, күні бүгін осы төртеуінің де жағдайы мәз емес.